

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 29 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОРЕС Халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОРЕС Халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр. Бұл келісім мемлекетіміздің экономикасының өсуіне және оның тұрақтылығын арттыруға ықпал етуге бағытталған маңызды қадам.

Келісімнің негізгі мақсаты – қазақстандық жеке компаниялардың ОРЕС қорының қаржы құралдарына қол жеткізу мәселесін жеңілдету үшін тұрақты платформа құру.

ОРЕС Халықаралық даму қорының негізгі миссиясы – дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау. Қор 50 жыл ішінде әлемнің 125 елінде 4 мыңнан астам жобаны іске асырып, жалпы сомасы 30 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы бөлген. Соңғы 20 жылда Орталық Азия елдеріне 1,4 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиция

тартылған. Атап айтқанда, келісім нормалары ұзақ мерзімді қаржыландыруды, инвестицияларды қорғауды және ынтымақтастықтың икемді шарттарын қамтамасыз етуге негізделген.

Заң нормаларымен Қазақстан Республикасының аумағында ОПЕС қоры толық заңды тұлға ретінде танылып, тікелей салықтардан босатылып, қаржыландыру туралы инвестициялық жобалар бойынша өз бетінше шешім қабылдау және тиісті шарттарды белгілеп, қордың өзі үшін де, оның бенефициарлары үшін де қаражатты еркін айырбастау және аудару кепілдігі қамтамасыз етілген. Сондай-ақ оған халықаралық ұйымдарға берілетін иммунитеттер мен артықшылықтар қарастырылған.

Келісімде қорды қаржыландыруға қатысты рәсімдік аспектілерді, сондай-ақ қор мен оның бенефициарлары арасында туындайтын дауларды шешу тәртібі де беріліп отыр.

Қорға мемлекеттік кепілдіктер беру қажеттілігі жоқ болғанмен, жеке сектор жобалары Үкіметпен келісілетіні қарастырылған.

Қор қызметінің негізгі бағыттары:

инфрақұрылымды салу және дамыту;

климаттың өзгеруіне қарсы шаралар;

азық-түлік қауіпсіздігі;

энергетикалық ауысымға жәрдемдесу;

цифрландыру және инновациялар;

шағын және орта бизнеске экономикалық мүмкіндіктер жасау.

Бұл нарықтық жағдайлармен салыстырғанда, әсіресе капиталды көп қажет ететін және ұзақ мерзімді жобалар үшін өте қолайлы жағдай болып есептеледі. Бұдан басқа ОПЕС қорынан бөлінген қаржының жұмсалуды мен инвестициялық бағдарламаларының орындалуы қатаң бақылауда болатыны қарастырылған.

Заңды қабылдау қаржы тарту көздерінің кеңеюіне, қаржы ұйымдары арасындағы бәсекелестіктің артуына, жеке секторға инвестициялар мен технологиялардың келуіне, жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарының құрылуына, араб елдерінің халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастығының нығаюына, инвестициялық ахуал мен елдің халықаралық беделінің артуына мүмкіндік береді.

Заңның қабылдануы әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық мәселелер тудырмайды және бюджеттен қосымша шығындарды талап етпейді.

Заң бойынша жұмыс тобының отырыстары өткізілді. Комитеттің отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өтіп, қаралып отырған заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертулер болған жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОПЕС Халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства национальной экономики.

Статьи 2, 5 и 6 соглашения предоставляют Фонду ОПЕС широкие полномочия по осуществлению финансовой деятельности на территории Казахстана, включая предоставление займов, гарантий, приобретение долей участия, заимствование средств на внутреннем финансовом рынке, а также закрепляют режим не менее благоприятный, чем для других международных финансовых учреждений. Одновременно принимающая страна принимает на себя обязательства по недискриминационному режиму, защите проектов и обеспечению доступа Фонда ОПЕС к национальному финансовому рынку.

В связи с этим у меня следующие вопросы.

1. Каким образом будет обеспечиваться баланс между предоставляемыми Фонду ОПЕС правами и суверенным правом Казахстана на регулирование финансового рынка, инвестиционной деятельности и стратегических отраслей экономики?

2. Предусматриваются ли в национальном законодательстве дополнительные механизмы предварительного или последующего контроля за инвестиционными проектами Фонда ОПЕС, особенно в чувствительных секторах?

3. Как будет обеспечено согласование решений Фонда ОПЕС по проектам с планами социально-экономического развития и национальными проектами Республики Казахстан?

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика вице-министрі Дарбаев Асан Көбентайұлы, жауап беріңіз.

ДАРБАЕВ А.К. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар!

В целом хотел бы отметить, что Фонд ОПЕС не планирует открытия филиала на территории Казахстана, соответственно, национальное законодательство по регулированию финансового рынка на него не будет распространяться.

Также необходимо отметить, что в целом деятельность фонда будет направлена на работу с частным сектором, соответственно, взаимодействие с Правительством в части предоставления государственных гарантий и таких обязательств не будет предусмотрено, влияние на внешний долг тоже будет отсутствовать.

Также есть порядок согласования приоритетных проектов, которые фонд планирует финансировать, непосредственно с Правительством. Данный порядок уже определен, оговорен. В принципе, на уровне Правительства есть под руководством Премьер-Министра Координационный совет, который это будет рассматривать.

Мы изучили практику данного фонда по работе в соседних странах. Складывается такая практика, что приоритетные секторы – это инфраструктура, ее развитие, строительство, агропромышленный комплекс, развитие МСБ, цифровизация, дорожное строительство.

Конечно, есть исключения по налоговым обязательствам, но учитывая, что это дополнительные возможности для нашего частного бизнеса, то это определенная

возможность для открытия новых производств, рабочих мест, налоговых поступлений в региональный бюджет.

В целом мы предполагаем, что присутствие фонда ОРЕС будет содействовать социально-экономическому развитию регионов. Спасибо.

ТӨРАҒА. В продолжение этой темы. Примерно на какую сумму предполагается, что Фонд ОРЕС будет выделять Казахстану? Как в целом будет осуществляться отбор проектов, то есть напрямую будут представители компании, компания обращаться в этот фонд или через Правительство, или через «Kazakh Invest»? Как это все будет осуществляться? Примерно под какой процент предполагается финансировать наши компании, это же кредитные деньги, примерно сколько процентов они просят за предоставление кредитов?

ДАРБАЕВ А.К. Спасибо за вопросы.

По процентным ставкам. Хотел бы отметить, что они работают в иностранной валюте, по примеру других стран, обычно в долларах либо евро. Процентная ставка зависит от сферы, от компании, она колеблется от 2,5 до 5 процентов.

Что касается взаимодействия, то частные субъекты работают напрямую, потому что у них имеется электронная платформа. После ратификации данного соглашения эта платформа будет доступна для бизнеса Казахстана.

Фонд ОРЕС по своей ликвидности... Максимальный потолок был определен до 400 миллиардов в течение пяти лет, такой диапазон. Это будет зависеть от активности самого бизнеса, какие заявки будут поступать, они будут рассматривать. Порядок согласования сохранится. Как практика показывает, если Правительство считает, что определенные проекты неприоритетные и нет целесообразности их поддерживать и финансировать, то фонд поддерживает решение Правительства.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне.

Келісімнің 9-бабына сәйкес ОРЕС қорының жобаларды қаржыландыруды жоспарлау туралы Қазақстан Үкіметін хабардар ету тәртібі көзделген, сондай-ақ 60 күндік мерзім ішінде жазбаша қарсылықтардың болмауы Үкіметтің келісімі ретінде қарастырылатыны белгіленген. Аталған тәсіл инвестициялық үдерістерді жеңілдетуге бағытталғанымен, оның институционалдық және басқарушылық тұрғыдан белгілі бір салдарларға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын.

Бірінші. Қазақстан Республикасында қабылданған мемлекеттік басқарудың және салааралық келісімнің қағидаттарына «Үнсіз келісім» тетігі қаншалықты сәйкес келеді?

Екінші. Уәкілетті органдарда белгіленген 60 күн мерзімде жобаларды жан-жақты талдау үшін жеткілікті ресурстар мен рәсімдер бар ма? Егер келісім жобаның мазмұнды бағалау нәтижелері бойынша емес, формальды себептер бойынша берілген болып саналса қандай тәуекелдер туындайды?

Үшінші. Құқықтық және экономикалық тәуекелдерді барынша азайту үшін ОПЕС қорының жобалық ұсыныстарын қараудың мемлекетішілік регламентін бекітудің қажеттілігі бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Асан Көбентайұлы, жауап беріңіз.

ДАРБАЕВ А.К. Сұрағыңызға рақмет.

Келісім бойынша ОПЕС қоры жобаны болжамды қаржыландыру бойынша Үкіметті жазбаша түрде хабардар етеді. Үкіметте мерзімді қарау 60 күн, бірақ егер ресми жауап бермесе, онда бұл келісімді білдіреді. Жауапты бағыттамау қалыпты әлемдік тәжірибе, қажет болған жағдайда сұрау салу, тиісті мемлекеттік органдарға жіберу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ Премьер-Министрдің басшылығымен үйлестіру кеңесі және Ұлттық экономика министрлігінің жанындағы жұмыс тобы жұмыс істейтінін атап өтемін. Жобалар бойынша шешім қабылдау кезінде салық органдарының және Ұлттық экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің ұстанымы ескеріледі. Кейде қосымша талдау керек болғанда сұрау салу үшін хаттарды жіберуге мүмкіндік бар.

Біз ОПЕС қоры қызметкерлерімен ықтимал тәртіп жөнінде айттық, бұл жұмыс органы Ұлттық экономика министрлігі болады деп келістік. Ал жобаны келісуден бас тарту себептері: мәлімдеген басым салаларға сәйкес келмеуі және ұлттық басымдықтарға сәйкес келмеуі. Сондықтан Үкімет келісім бермейді. Үкімет келісім бермесе әлемдік тәжірибе бойынша жобаны тағы қарап, жалпы Үкіметтің ұстанымын қолдайды.

ТӨРАҒА. Алтынбек Нухұлы көтеріп отырған негізгі мәселе, бұл жерде Үкімет және Үкіметке кіретін мемлекеттік органдар 60 күн ішінде қарау керек деген нақты норма енгізіліп жатыр. Сол жеткілікті бола ма, осыған байланысты нақты регламент керек пе? Егер 60 күнде үлгірмесе «келісілді» деп шешім қабылданады деген де нормалар бар. Сұрақтың негізгі мәні: 60 күн жеткілікті ме? 60 күн жете ме?

ДАРБАЕВ А.К. Біздің ойымызша 60 күн жетеді, себебі құжаттар толық бізге енгізіледі. Жұмыс органы болып танылатын Ұлттық экономика министрлігі 30 күн ішінде қарайды. Осы мерзімде басқа салалық мемлекеттік органдардың ұстанымын және Қаржы министрлігінің ұстанымын сұраймыз. Қалған екінші айда Премьер-Министрдің басшылығындағы үйлестіру кеңесіне осы құжаттарды енгіземіз.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сәкен Қаланұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Соглашение об организации операций в частном секторе между Правительством Республики Казахстан и Фондом международного развития ОПЕС направлено на стимулирование финансового сотрудничества и обеспечение устойчивого экономического развития страны. Документ

формирует стабильную и прозрачную основу для привлечения займов, гарантий и других финансовых инструментов фонда.

Сотрудничество с Фондом международного развития ОПЕС полностью соответствует приоритетам государственной политики, в том числе в части развития малого и среднего бизнеса и расширения доступа предпринимателей к долгосрочным финансовым ресурсам. Использование ресурсов фонда позволяет привлекать дополнительные внешние источники финансирования без увеличения нагрузки на государственный бюджет.

Финансирование через финансовые институты создает условия для расширения кредитования субъектов малого и среднего бизнеса, увеличения сроков предоставления займов и повышения инвестиционной активности в приоритетных секторах экономики.

Рамочное соглашение предусматривает понятные и прозрачные правила взаимодействия, при этом за Правительством Республики Казахстан сохраняется право формировать позицию по финансируемым проектам, что позволяет увязать деятельность фонда с национальными социально-экономическими приоритетами.

Сроки финансирования являются конкурентоспособными и отвечают потребностям бизнеса: от 1 до 5 лет по финансовым инструментам, до 7 лет для корпоративных заемщиков, до 20 лет для инфраструктурных проектов, что особенно важно для реализации долгосрочных инвестиционных инициатив.

Ориентировочные процентные ставки по займам в долларах США формируются на уровне 2,5-5 процентов годовых сверх базовой ставки, что соответствует условиям других международных финансовых организаций.

Дополнительным преимуществом являются институциональная нейтральность фонда, отсутствие необходимости создания постоянного представительства на территории страны, а также минимальные административные издержки как для государства, так и для бизнеса.

С учетом планируемого увеличения объемов финансирования в среднесрочной перспективе Фонд международного развития ОПЕС может рассматриваться как эффективный инструмент диверсификации источников финансирования малого и среднего бизнеса, дополняющий действующие меры государственной поддержки.

Несмотря на то, что отбор проектов осуществляется фондом в соответствии с его правилами и процедурами, Правительство Республики Казахстан сохраняет право возражения и вето, что обеспечивает защиту национальных интересов при привлечении внешнего финансирования в частный сектор. Такой механизм позволяет государству сохранять стратегический контроль над направлениями экономического развития без прямого административного вмешательства в рыночные процессы.

В заключение хочу отметить, что ратификация данного соглашения окажет положительное влияние на инвестиционный климат страны.

Уважаемые коллеги, я поддерживаю данный закон и прошу вас поддержать его. Рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОПЕС Халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған құжат Қазақстан мен ОПЕС Халықаралық даму қорының арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін әзірленген. Келісім еліміздің мүддесіне сай келетін жобаларды халықаралық қор қаражаты есебінен қаржыландыруға мүмкіндік беретін болады. Осы мақсатта қаржыландыру тетіктері жан-жақты реттеліп отыр. Жалпы, заңның мақұлдануы еліміздің инвестициялық ахуалына оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Заңның негізгі мақсаты күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің қызметін жетілдіру, қару иелеріне қойылатын талаптарды күшейту, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін жетілдіру болып табылады.

Қаралып отырған заң келесі негізгі ережелерді қамтиды:

Бірінші. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға тұрғын үй төлемдерін беру, есептеу, оларды тағайындау және жүзеге асыру тәртібін айқындау бойынша өкілеттікті Қазақстан Республикасының Үкіметіне беру бөлігінде түзетулер енгізіледі. Осыған байланысты құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдар, азаматтық қорғау органы қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің тұрғын үй төлемдерін алуға құқықтары мен олардың міндеттері осы заңмен бекітіліп, ал осы құқықтарды іске асыру тетігі заңға тәуелді актілерде көзделетін болады. Бұл түзетулер нормалардың артық регламенттелуін болдырмауға және заңға тәуелді актілерде құқықтық қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді.

Екінші. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңда азаматтық және қызметтік қару иелері үшін қосымша міндеттер бекітіледі. Атап айтқанда:

азаматтық және қызметтік қаруды бақылау мақсатында оқ ату үшін беру міндеті енгізіледі. Қаруды уақытылы бермеу рұқсаттарды тоқтата тұру үшін негіз болып табылады; қару мен оның патрондарын олардың иесі болып табылатын заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарына сақтауға тапсыру міндеті белгіленеді.

Үшінші. «Күзет қызметі туралы» Заңда:

күзет қызметі саласындағы субъектілердің қызметі туралы есептілікті уәкілетті органға ұсынуы бойынша міндеттері бекітіледі;

жеке күзет ұйымының филиалы мен өкілдігінің басшыларына қойылатын міндетті талаптар енгізіледі. Қазіргі уақытта бұл талаптар жеке күзет ұйымының басшылары мен күзетшілеріне ғана қолданылады.

Төртінші. «Теміржол көлігі туралы» Заңда «әскерилендірілген теміржол күзеті» деген ұғым енгізіледі және оның құқықтық мәртебесі бекітіледі. Бұдан басқа оған транзиттік теміржол жүк тасымалдарын жүзеге асыруға тартылған терминалдар аумақтарында үшінші тұлғаларға жүктерді және теміржол көлігі объектілерін күзету жөніндегі қызметтерді көрсету құқығы беріледі.

Бесінші. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңда уәкілетті органның қылмыстық қатерлерді анықтау жөніндегі болжамды-талдамалық қызметті жүзеге асыру нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды құқықтық статистика мен арнайы есепке алу субъектілеріне жіберу бөлігіндегі құзыреті кеңейтіледі.

Заң жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты талқыланып, қаралды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға Үкіметке тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу тәртібін, тағайындауды, қайта есептеуді, жүзеге асыруды, тоқтатуды, уақытша тоқтата тұруды және қайта жаңғыртуды, сондай-ақ оларды пайдалану мақсаттарын айқындау жөніндегі өкілеттіктерді беру көзделген өзгерістер енгізіліп отыр.

Өздеріңізге белгілі, өткен жылдың маусым айында аталған барлық мәселелерді реттеу заңнамалық деңгейге беріліп, Парламентте арнайы заң қабылданған болатын. Менің келесі сұрақтарым осыған байланысты.

Бірінші. Әскери қызметшілерді, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге

байланысты мәселелерді реттеу қандай себептермен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер деңгейіне беріліп отыр? Жақында ғана қабылданған заң нормаларын қолдану тәжірибесі нені көрсетті және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға тиісті өзгерістер енгізу үшін бұл мерзім жеткілікті болды ма?

Екінші. Тұрғын үй төлемдері тетігін пайдалану кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін қандай кепілдіктер көзделіп отыр?

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Қорғаныс министрінің орынбасары Мұстабеков Асқар Досбосынұлы, жауап беріңіз.

МҰСТАБЕКОВ А.Д. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгінгі таңда «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның нормалары құқық қорғау органдарын, арнайы мемлекеттік органдарды және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты қажетті егжей-тегжейлі реттеуші тетіктермен шамадан тыс жүктелген. Бұл көбінесе әртүрлі өмірлік жағдай бойынша құқық қолдану практикасында қиындықтар туғызып отыр. Мысалы, 2025 жылы маусым айында әділет органдарында тұрғын үйді жалға алу шарттары міндетті түрде тіркеуге енгізілгеннен кейін біздің жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында, сондай-ақ ұзақ қызметтік іс-сапарда, оқу-жаттығуларда жүрген әскери қызметшілерге үлкен қиыншылықтар туғызды.

Мемлекеттің азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз етуіне, оның ішінде елдің экономикалық мүмкіндіктерінің жылдан-жылға жақсарып келе жатқанына байланысты күш құрылымдарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерінің жақсаруы барлық күштік органдар үшін осы сезімтал саланы жедел өзгертуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған түзетулер заңда тек құқықтар мен міндеттерді қалдырып, заңға тәуелді актілер деңгейінде нақты рәсімдерменен іске асыру тәсілдерін беруге мүмкіндік тудырады. Бұл тәсіл Конституцияның ережелеріне және заңнамалық деңгейде шамадан тыс егжей-тегжейлі жою бөлігінде Президенттің мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан шығару туралы жарлығына сәйкес келеді.

Енді екінші сұраққа келетін болсақ, заңнама талаптарын сақтау кепілдіктеріне қатысты тұрғын үйменен қамтамасыз ету жөніндегі негізгі кепілдіктер, құқықтар мен міндеттер ұсынылған заңмен қарастырылған. Ал оларды іске асыру тәртібі менен тетігі Үкімет қаулысы деңгейінде нақтыланатын болады. Бұл ретте заңның да, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің де талаптарын сақтамау заңдарда көзделген қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке әкеліп соғуы мүмкін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сонымен осы мәселелерді біз заңда емес, Үкіметтің қаулысы арқылы реттегеніміз ары қарай әскери қызметшілердің құқықтарының қорғалуына және керек болса тұрғын үймен қамтамасыз етудің тетіктерін тез өзгертуге мүмкіндік береді деп отырсыздар ғой. Солай ма? Өйткені бұған дейін де бір мәселелер туындады ғой. Сондықтан ары қарай бұндай мәселелерді заңда жазсақ, әрине бұл ұзақ мерзімді алады. Заңға өзгеріс енгізу де

оңай емес, бірақ өмір болғандықтан тетіктерді жандандыру мәселелері туындап отыратыны түсінікті. Сол себепті осы механизм әскери қызметшілердің құқықтарын қорғауға көбірек мүмкіндік беретін шығар деп үміттенеміз.

Ең басты мәселелердің бірі әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл стратегиялық мәселе. Президенттің тиісті тапсырмалары бар. Егер өздеріңіз осы механизм дұрыс десеңіздер, онда депутаттар осы ұсыныстарыңызды қолдайтын шығар.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован заместителю Министра внутренних дел.

Законом вводятся новые обязанности для субъектов охранной деятельности и владельцев оружия, включая представление отчетности, уведомление уполномоченных органов, а также расширяются функции государственного контроля в сфере оборота оружия.

Реализация данных норм предполагает значительный объем документооборота и межведомственного взаимодействия.

Уважаемый Игорь Владимирович, учитывая, что сейчас Министерство внутренних дел ведет разработку новой платформы «e-Kuzet», у меня следующие вопросы.

Какие сроки запуска данной платформы? Какой бюджет? Будет ли интеграция с другими заинтересованными государственными органами? Кто будет оператором данной платформы? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Лепеха Игорь Владимирович, жауап беріңіз.

ЛЕПЕХА И.В. Спасибо за вопросы.

Как Вы сказали, на сегодня реализуется проект по внедрению информационной системы «e-Kuzet», направленной на автоматизацию всех бизнес-процессов, цифровизацию государственного контроля в сфере охранной деятельности.

На сегодня эта система уже запущена в пилотном режиме во всех регионах. Производится интеграция всех территориальных департаментов полиции, осуществляющих контроль за вышеуказанными субъектами.

На первом этапе сейчас будем проводить оцифровку свидетельств охранников, прошедших курс, это исключит все возможности фальсификации и представления фальшивых удостоверений.

Вторым этапом после законодательного урегулирования мы введем все вопросы отчетности в эту систему. В настоящее время ее разрабатывает частная компания. После окончания работы она будет передана на баланс Министерства внутренних дел, потому что там будут персональные данные, вопросы для служебного пользования. Мы планируем ее забрать полностью и будем администрировать сами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Келесі сөз депутат Жәргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған заң күзет қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мен қару иелеріне қатысты мемлекеттік бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл тұрғыда қылмыстық қару ағынының алдын алу үшін елдегі қолда бар қаруларды үнемі жан-жақты жинау және талдау мәселесі өзекті болып отыр. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Сіздің ведомство жеке күзет ұйымдарында және жеке пайдалануда қолда бар қарудың бірыңғай цифрлық базасын құруды көздей ме? Өйткені мұндай мәліметтер базасы қарудың мәртебесін жедел тексеруге және ішкі істер органдарына бұзушылықтар туралы автоматты түрде хабарлауға мүмкіндік береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Игорь Владимирович.

ЛЕПЕХА И.В. Спасибо за вопрос.

Такая база у нас давно есть. Вы знаете, что в структуре Министерства внутренних дел есть подразделение по контролю за оружием. Мы занимаемся выдачей лицензий на приобретение оружия как юридическим, так и физическим лицам. Соответственно, эта база у нас ведется, все оружие юридических и физических лиц, в том числе охранных организаций, в базе есть.

Кроме того, у нас есть база криминального оружия, туда попадает похищенное, утерянное оружие. В этом плане никаких проблем нет, эта база работает давно, здесь никаких дополнительных требований не предусматривается. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Советбек Тұрсынұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң күзет қызметі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін жетілдіру және қару иелері мен күзет қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейту, тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін жетілдіру мақсатында әзірленді.

Ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ішкі істер органдарында есепте 4 мың 463 жеке күзет ұйымы тіркелген. Күзетшілер саны 97 мыңнан асады.

Өздеріңізге мәлім, жеке күзет ұйымдары полиция қызметкерлерімен тең дәрежеде күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Осыған байланысты заңда ұсынылып отырған түзетулер жалпы мұндай күзет ұйымдарының жауапкершілігін күшейтеді, өйткені олардың қызметі жеке және заңды тұлғалардың өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ мүлкін қылмыстық және басқа да заңсыз қол сұғушылықтардан қорғаумен тікелей байланысты.

Заң шеңберінде қаруы бар заңды тұлғалар үшін қару мен оның патрондарын ішкі істер органдарына олардың қызметін тоқтата тұру кезінде сақтауға тапсыру жөніндегі жаңа міндет, жеке күзет ұйымдары өз қызметін тоқтата тұрған, тоқтатқан немесе қайта бастаған, сондай-ақ тіркеу орнынан тыс жерде күзет қызметтерін көрсеткен жағдайларда бұл туралы аумақтық полиция бөліністерін хабардар ету міндеті енгізіліп отыр.

Осы заңмен енгізіліп отырған маңызды түзетулер уәкілетті органға жеке күзет ұйымдарымен байланысты түрлі оқиғаларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді, өйткені көп жағдайда жеке күзет ұйымының басқа өңірдің аумағында болуы қандай да бір оқиға жасалғаннан кейін белгілі болады.

Заңның новелласы ретінде күзет қызметі саласындағы субъектілердің өздері жүзеге асыратын қызметі туралы есептілікті уәкілетті органға ұсыну бойынша міндеттерін белгілеу тиісті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға ықпал ететін болады, өйткені бүгінгі күні есептілікті ұсыну заңмен реттелмеген. Сонымен қатар заңмен қару айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында азаматтық және қызметтік қару иелері үшін қосымша міндеттер бекітіліп отыр.

Қарастырылып отырған заң күзет қызметі мен қару айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтуге, күзет қызметінің сапасын арттыруға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін жетілдіруге, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы кадр саясатының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп сенемін.

Құрметті әріптестер! Айтылғандарды ескере келе, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң күзет саласын жетілдіруді, сондай-ақ қару иелеріне қойылатын талаптарды күшейтуді көздейтін нормаларды қамтиды. Заңда әскери қызметшілердің, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін жетілдіруге арналған түзетулер де бар. Мақұлданған жаңа нормалар аталған салаларда мемлекеттік реттеу және бақылау жүргізу тиімділігін арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев неоднократно подчеркивал, что защита прав инвесторов является одним из ключевых приоритетов государственной политики. В Послании народу Казахстана Президент отметил необходимость институционального усиления механизмов защиты инвесторов, предложив рассмотреть переориентацию отдельных государственных органов на обеспечение законных интересов бизнеса. Данный посыл отражает стратегический курс государства на формирование благоприятного и предсказуемого инвестиционного климата.

Согласно Предпринимательскому кодексу инвестиционный контракт представляет собой договор на реализацию инвестиционного проекта, предусматривающий осуществление инвестиций и предоставление инвестиционных преференций. От имени государства такие контракты заключает Комитет по инвестициям Министерства иностранных дел, на который возложены функции по реализации государственной инвестиционной политики, сопровождению и мониторингу инвестиционных проектов. При этом инвесторам гарантируется защита их прав и законных интересов, обеспечиваемая Конституцией и иными нормативными правовыми актами.

Между тем в адрес депутатского корпуса поступают обращения предпринимателей о нарушении прав инвесторов и отсутствии надлежащих условий для реализации инвестиционных проектов.

Во-первых, Комитет по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства необоснованно препятствует заключению инвестиционных контрактов. Имеют место неправомерные отказы в согласовании под предлогом несоответствия проектов планам детальной планировки либо отнесения земельных участков к категории сельскохозяйственных.

При этом не учитывается, что согласно Закону «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» основным градостроительным документом является генеральный план, а корректировка ПДП возможна только после заключения инвестиционного контракта и оформления прав на земельный участок. В результате инвесторы лишаются возможности устранить выявленные несоответствия, что подтверждается прилагаемыми примерами. Это во-первых.

Во-вторых, допускаются нарушения после заключения инвестиционных контрактов. Акиматами не соблюдаются сроки рассмотрения заявок на предоставление земельных участков и заключение договоров аренды, имеют место отказы в рассмотрении заявок и затягивание сроков подведения инженерной инфраструктуры.

Государственная корпорация «Правительство для граждан» предъявляет требования, не предусмотренные законодательством, что приводит к отказам в регистрации актов ввода объектов в эксплуатацию.

Также фиксируются необоснованные отказы субъектов естественных монополий в подключении к инженерным сетям и случаи незаконного привлечения инвесторов к административной ответственности.

В-третьих, комитет ненадлежащим образом осуществляет функции по государственной поддержке инвестиций, координации и мониторингу сопровождения инвесторов по принципу «одного окна». Комитет формально подходит к сопровождению проектов, не анализирует причины несвоевременного исполнения обязательств и в одностороннем порядке принимает решения о расторжении инвестиционных контрактов. С 2024 года комитет планировал расторгнуть 26 таких инвестиционных контрактов. Причинами являются длительные процедуры, проблемы с инфраструктурой, вина инвестора.

В целом инвесторы указывают формальный характер роли комитета, отсутствие постоянного мониторинга и действенных механизмов воздействия на центральные и местные исполнительные органы.

Международная практика показывает целесообразность наделения уполномоченного органа в сфере инвестиций контрольно-надзорными функциями. В частности, Министерство экономики Объединенных Арабских Эмиратов вправе вносить обязательные предписания для устранения барьеров и координации деятельности государственных органов.

В целом ненадлежащее исполнение полномочий и пробелы в регулировании препятствуют реализации инвестиционной политики и негативно отражаются на доверии бизнеса.

На основании изложенного предлагается:

устранить выявленные нарушения и причины им способствующие;

прекратить практику расторжения контрактов при наличии объективных причин отставания;

усилить контроль за исполнением инвестиционных проектов;

наделить Комитет по инвестициям контрольно-надзорными функциями;

при заключении инвестиционных контрактов предусмотреть наличие инфраструктуры либо ее подведение;

организовать системное обучение сотрудников государственных органов.

Полный текст депутатского запроса прилагается».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жексенбай Бибиғүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Қызылордада өткен V Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «мәдениет жай ғана ғимараттар мен мекемелер емес, бұл ұлттық сананы жаһандық ауқымда нығайтатын тұғыр» деп атап өтті. Бұл тұжырым мәдениет саласын екінші кезектегі емес, мемлекеттік дамудың өзегі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Осы орайда Парламент депутаттары өңірге сапары барысында сала өкілдерімен кездесулерде көтерілген бірнеше өзекті мәселеге назар аударғымыз келеді.

Біріншіден, кадрлық және кәсіби трансформация мәселесі.

Қазіргі таңда мәдениет саласында цифрлық контент продюсерлері, сахналық цифрлық технологиялар инженерлері, инклюзивті мәдениет мамандары, мәдени деректерді талдаушылар сияқты заманауи жаңа мамандықтар заңнамалық тұрғыда бекітілмеген.

Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Франция мәдениет саласын креативті индустрия ретінде қарастырып, дәл осы мамандықтар арқылы экономикалық және мәдени әсер қалыптастырып отыр.

Екіншіден, заманауи техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігі.

Астана қаласындағы бірқатар театрларда, концерттік ұйымдар мен филармонияларда сахналық жарық пен дыбыс жүйелері моральдық тұрғыда ескіріп, цифрлық трансляция мен архивтеу мүмкіндігі шектеулі. Ал дамыған елдерде мәдени ұйымдардың техникалық стандарттары ұлттық мәртебе мен қаржыландырудың негізгі критерийі ретінде заңмен бекітілген.

Үшіншіден, инклюзия мен қолжетімділік.

Ерекше азаматтардың өнерге қатысуы, инклюзивті театрлар мен шығармашылық студияларды дамыту көбіне жекелеген бастамалар деңгейінде қалып, жүйелі мемлекеттік саясат пен тұрақты қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген. Мәселен, Астанадағы «Қанаттылар» театрында қырыққа жуық актер мүмкіндігі шектеулі азаматтар. Бірақ олардың білімін жетілдіруге, кәсіби маман иесі болуына жоғары деңгейде мүмкіндіктер қарастырылмаған, арнайы гранттар бөлінбеген.

Канада, Скандинавия елдерінде инклюзивті мәдениет мемлекеттің тікелей міндеті ретінде заңмен бекітілген.

Төртіншіден, балет және цирк өнері өкілдерінің әлеуметтік қорғалуы.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, балет пен цирк өнері өкілдері алты-жеті жастан ерте кәсіби маманданатындықтан Франция, Германия, Ұлыбритания, Канада, Жапония сияқты елдерде олардың ерте зейнетке шығуы, жаңа кәсіпке жүйелі түрде қайта бейімделуі заңнамалық деңгейде бекітілген. Ал Қазақстанда бұл санаттағы өнер иелері әлеуметтік және кәсіби тұрғыда жеткілікті қорғалмаған күйде қалып отыр. Сонымен қатар еліміздегі дирижерлардың құқықтық мәртебесі, әлеуметтік кепілдіктері мен кәсіби дамуы жеткілікті деңгейде реттелмеген. Директор оркестрдің көркемдік және кәсіби сапасына тікелей жауапты негізгі тұлға саналады. Аталған жағдай оркестр мәдениетінің сапасына және ұлттық музыкалық мектептің болашағына тікелей әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, төмендегідей мүмкіндіктерді қарастыруды ұсынамыз:

1. Цифрлық продюсер, сахналық технология инженері, инклюзивті мәдениет маманы секілді заманауи мәдени, цифрлық мамандықтардың тізбесін және мәдениет саласындағы цифрлық және техникалық құзыреттердің заңнамалық негізін қарастыру. Дирижерлардың құқықтық, әлеуметтік кепілдіктері мен кәсіби дамуы туралы нормаларды да қайта қарау.

2. Сахналық жарық, дыбыс, мультимедиа, цифрлық трансляция және архивтеу бойынша ең төменгі ұлттық техникалық стандарттарды енгізуді қарастыру. Бұл стандарттарды ұйымның мәртебесі (ұлттық, академиялық, өңірлік) бағытында қарастыру.

3. Шығармашылық инклюзия.

Инклюзивті театрлар мен шығармашылық студияларды тұрақты бюджет, грант және әлеуметтік тапсырыс арқылы қаржыландыруды қарастыру. Ерекше азаматтар үшін білім ордаларында өнер саласы бойынша гранттық білім алуына қолдау мүмкіндігін қарастыру.

4. Балет және цирк өнері өкілдері үшін ерте зейнетке шығудың арнайы тәртібін қарастыру, еңбек қызметінің соңғы кезеңінде жалақысы сақталған өтпелі кезеңді де ойластыру. Педагогикалық, техникалық және цифрлық жаңа кәсіптерге қайта бейімдеудің міндетті бағдарламасын заңнамалық деңгейде енгізу мүмкіндігіне назар аудару.

5. Астана қаласында заманауи мәдени хаб, цифрлық өнер мен креативті индустриялардың пилоттық алаңы ретінде мемлекеттік шараларды ойластыру.

Құрметті Олжас Абайұлы! Мәдениет шығын емес, ұлттық инвестиция. Осы салаға салынған әрбір теңге қоғамның санасына, сапасына, елдің халықаралық беделіне және ұрпақтың рухани деңгейіне қызмет ететіні сөзсіз. Сондықтан жоғарыда баяндалған мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Б. Жексенбай, А. Нұғманов, Ғ. Сарыбаев, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра – Министру культуры и информации Республики Казахстан Балаевой Аиде Галымовне.

«В условиях нарастающей мировой геополитической и экономической неопределенности вопросы лекарственного обеспечения приобретают принципиальное значение как элемент устойчивости системы здравоохранения и реализации государством своих обязательств. Речь идет не только о фармацевтическом рынке, но и в целом о системе медицинского обеспечения.

В социальных сетях и средствах массовой информации все чаще фиксируются сигналы о перебоях с лекарствами, росте цен и ограниченной доступности препаратов, включая жизненно необходимые для пациентов с хроническими и редкими заболеваниями. Эти вопросы формируют устойчивый общественный запрос и напрямую влияют на доверие к системе здравоохранения.

Анализ международного и отечественного опыта показывает, что эти ожидания отражают системные ограничения лекарственной политики: уязвимость цепочек поставок, разрозненность решений и неэффективность регуляторной среды.

Данные проблемы были подтверждены и в ходе «круглого стола» по вопросам лекарственной безопасности, состоявшегося в декабре 2025 года в Сенате Парламента. Экспертным сообществом и представителями пациентских организаций было отмечено сохранение высокой импортозависимости, фрагментарности решений в сфере регистрации, ценообразования и закупок, а также отсутствие долгосрочной предсказуемости лекарственной политики.

На практике это приводит к тому, что медицинские организации и врачи вынуждены работать в режиме оперативной адаптации при задержках централизованных поставок или отсутствии отдельных препаратов. Например, пациент с хроническим заболеванием

приходит на плановый прием, лечение назначено, однако необходимый препарат отсутствует и врачу приходится менять схему терапии по организационным, а не медицинским причинам. Фактически система реагирует на риски постфактум, а не управляет ими.

Международная практика показывает, что устойчивость лекарственного обеспечения достигается за счет стратегического планирования и координации. В этой связи представляется целесообразным рассмотреть следующие направления государственной политики:

1) включение лекарственного обеспечения в систему стратегического планирования государства с четким распределением ответственности между государственными органами, установлением минимальных запасов жизненно необходимых лекарственных средств и алгоритмов действий при нарушениях поставок;

2) реализация долгосрочной регуляторной предсказуемости в сфере лекарственного обращения. Частые изменения правил регистрации, ценообразования и закупок приводят к тому, что производители не могут заранее планировать инвестиции и выпуск препаратов, из-за чего развитие отечественного фармацевтического производства тормозится даже при наличии государственной поддержки;

3) проведение оценки долгосрочной финансовой устойчивости лекарственного обеспечения в рамках ГОБМП и ОСМС с учетом роста потребности в дорогостоящих и инновационных препаратах во избежание сбоев в обеспечении гарантированными лекарствами.

Отдельного внимания требует деятельность Министерства здравоохранения как ключевого регулятора прежде всего в части принятия обоснованных решений о том, какие лекарства и по какой цене закупаются за счет государственных средств, а также в обеспечении гибкости закупочных механизмов.

В условиях активного информационного пространства вопросы лекарственного обеспечения напрямую влияют на общественное восприятие устойчивости системы здравоохранения.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

Информацию на поставленные вопросы просим предоставить в установленный законом срок.

Депутаты Комитета по социально-культурному развитию и науке».

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 29 қаңтар

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОПЕС Халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Рамочного соглашения об организации операций в частном секторе между Правительством Республики Казахстан и Фондом международного развития ОПЕС», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі С.Қ. АРУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий АРУБАЕВА С.К. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚОЖАЕВ М.Ш. 3

ДАРБАЕВ А.К. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, вице-министр национальной экономики Республики Казахстан 3

НУХҰЛЫ А. 4

ДАРБАЕВ А.К. 5

КУЗИЕВ З.П. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охранной деятельности, жилищных отношений и правоохранительной службы», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам МЕДЕБАЕВА С.Т. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:	
РАХМЕТОВА Ә.Қ.	8
МҰСТАБЕКОВ А.Д. – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, заместитель Министра обороны Республики Казахстан	9
КАРПЛЮК С.А.	10
ЛЕПЕХА И.В. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан.....	10
ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә.	11
АСАНОВА Ж.Б.	11

Депутат А.И. ЛУКИННІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	13

Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	14

Депутат А.С. АРҒЫНБЕКОВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі А.Г. Балаеваға депутаттық сауалы	
Депутатский запрос АРҒЫНБЕКОВОЙ А.С. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру культуры и информации Балаевой А.Г.	16

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева